Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі м.а: К.Досекешова

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 17-21 қаңтар аралығында өткізілетін «Рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың дара жолы» тақырыбында апталықтың іс-шара жоспары

| р\с | Мазмұны | Мерзімі | Орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | Апталық іс-шараның ашылуы, слайд | 17.01.2022 | Әдіскер Э.Кенжебаева |
| 2 | «Рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың дара жолы» коучинг | 17.01.2022 | Әдіскер Э.Кенжебаева |
| 3 | «Рухани жаңғыру кемелденген ұлт ұрпағы» ойын | 18.01.2022 | Кіші топ тәрбиешілері: Бисахова К Дюсекенова С Утенова С |
| 4 | «Ең құнды ұлттық киімдер» ашық оқу қызметі | 19.01.2022 | Орыс тілі мұғалімі Г.Шапхатова |
| 5 | «Қазақтың ұлттық құндылықтары» Ұйымдастырылған оқу қызметі | 20.01.2022 | Ересек топ тәрбиешілері: Жалелова Т Успанова А |
| 6 | Тәрбиелік шара «Рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың дара жолы» | 21.01.2022 | Әдіскер Топ тәрбиешілері |

Әдіскер м.у.а: Э.Кенжебаева

Бекітемін Келісемін.

Тақырыбы Рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың дара жолы

Әдіскер: Э.Кенжебаева

Мақсаты: Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту.

Күтілетін нәтиже

Тапсырмаларды орындау барысында жаңа білім мазмұнына сай жұмыс бағытын меңгереді.Қатысушылар коучинг сабағының соңына рухани жаңғырудың – табысты ел болуымыздың кепілі екенін біледі.

Ресурстар

Интерактивті тақта, ақ қағаздар, плакаттар, түрлі-түсті маркерлер, үлестірме материалдар,стикерлер.

Жүргізу барысы

І. Ұйымдастыру: Қатысушыларды қарсы алу, олармен амандасу, коучингке дайындау.

жүргізуші: Армысыздар ұстаздар

"Рухани жаңғыру- өскелең ұрпақтың дара жолы" атты коучингімізге қош келдіңіздер!

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі.

Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұлтартпас айғақ болып табылады. Елбасымыздың жолдауында көрсетілгендей:

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.


"Рухани жаңғыру


"Рухани жаңғыру -
өскелең ұрпақтың
дара жолы"

Бекітемін:

**Тақырыбы:Руқани жаңғыру өскелең ұрпақтың дара жолы.**

**Мақсаты:**Балаларға патриоттық сананы ынталандыратын , ұлттық құндылықтарды жаңғырту.

**Жүргізуші:**Өз Отаныңның , өз еліңнің патриоты болғанға не жетсін. Сайын дала бабаларымыздың көзінің қарашығындай сақтап ,найзаның ұшымен білектің күшімен қорғаудың арқасында біздер жетіп отырмыз, ендеше осындай алып Отанды сүю, әркімнің парызы, кәрі қасиеті міндеті. Отанды сүю,туған анаңа , туған еліңе, туған жұртыңа деген махабат Отанға деген махабатыңа ұласпақ.

Құттықтау сөз балабақша меңгерушсі Қаламсия Идаятқызына беріледі.
Әнұран орындалады.
Біздің балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

**Сираж О:** Қуат алған өзінен
Туған елдің ұлымын
**Жансая:**Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.
**Самал:** Үш бақыты қазақтың
Саған ғана үн қосқан
Жүрегімнің дүрсілі
Төгіледі жыр дастан.

**Р.Нұрислам:** Отаным менің Қазақстан
Атыңнан сенің айналам
Бас иіп саған өтермін
Жасай бер жаса Қазақстан.

**Надир:**Денсаулығың- бірінші
Сол жадыңда жүрсінші!

**Амина:** Екіншісі-еркіндік,
Құсша самғап желпіндік!






Бекітемін: 

**Ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің технологиялық картасы.**

«Нұршуақ» ересек тобында.

**Мерзімі:** 24.11.2021ж

**Білім беру саласы:** «Қатынас», «Шығармашылық»
**Бөлімі:** Көркем әдебиет, Құрастыру
**Тақырыбы: «**Қазақтың ұлттық құндылықтары.»
**Мақсаты:** Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Балалардың бойында ұлттық сана сезімді ояту, туған жеріне деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Балалар ұлттық құндылықтарды бағалай біледі.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі түрі:** Кіріктірілген
**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ – жауап, ойын
**Көрнекі-құралдар:** асық, түс киіз, құрақ көрпе, қамшы,ұлттық көрме.

**Шаттық шеңбері:**
Үлкенге де сіз
Кішігеде сіз
Баршаңызға құрметпен
Бас иеміз біз.

Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.

Тәрбиеші: Балалар біз қайсы Республикада тұрамыз?
(Балалардың жауаптары)

Біздің ұлтымыз кім?
(Балалардың жауаптары)

Біз қандай елміз?
(Балалардың жауаптары)




өскелең ұрпақтың
дара жолы"
Бабалар ұлағаты


Бабалар ұлағаты



Бекітемін: ...

# «Рухани жаңғыру -кемелденген ұлыттың ұрпағы»

2022ж 18-қаңтар күні «Айгерім» бөбекжай балабақшасының 2-ші кіші тобында «Рухани жаңғыру кемелденген ұлт ұрпағы» атты шараға қош келдіңіздер

Құрметті әріптестер бүгінгі күні балабақшамызда кішкентай бүлдіршіндердің Рухани жаңғыру аясында қандай өнерлерін тамашалайық

Рухаи жаңғыру дегеніміз ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін ұмытпау тарихқа үңілу және еске сақтап жаңарту.

Мақсаты: Бүлдіршіндерге ұлттық өнер , салт-дәстүр арқылы ой-өрісін дамыту, сөзді қарсы молайту , қызығушылығын артыру .Балалардың үлттық өнерге деген сүйіспеншілігін ояту

1.Шаттық шеңбер

2. Армысың Алтын күн

Армысың Көк аспан

Армысың Менің достарым

Амансыңба Қонақтар

Сәлеметсіздерме апайлар

Балаларды үш топқа бөліп апайлардың көмегімен 1-ші топ Киіз үйге боялған дөңгелектерді ала жіппен өткізіп тасу

Мақсаты: балаларға киіз үй туралы түсінігін дамыту,Ептілікке баулу, ұсақ саусақ моторикасын дамыту

2-топ Ала жіптен жасалған қошқар мүйіздер өрнегін клеймен желімдеп аз форматқа жанару

(Қазақ ұлттық мәдениетінің байрағы-аса құндылық салаларының бірі)мақсаты ұлттық өнер арқылы балаларды бисенділікке,қызығушылыққа,сөздік қорын,ой-өрсін дамыту ептілікке баулу

3-топ сандыққа тәрбиешілер клеймен ұлттық оюөрнекті жабыстыру.Балалардың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін ояту,қол өнермен талантру ептілікпен ұқыптылыққа баулу

Балалармен жұмыс барысында оларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарын ұлықтау болып табылады












